

бәйтерекке теңеуі, көтеріліс жеңіліп, арманда қалған күрескер образын шарға шауып мұқалған алмасқа, сұғуын таппай тот алған, суыруы қанық көк сүңгіге теңеуі Махамбетке дейінгі поэтика қазынасында болмаған дүниелер. Сол сияқты қалықпандай қомданып жаумен айқасу, Жайықты тіземен бұзып өту, қырдан қиқу төгілу (естілу емес, төгілуі), қайраңнан алған шабақтай қия бір соғып ас ету, адырнаны ала өгіздей мәңгірету, темір қазық жастану, қу толағай бастану образдар да соны. Бұлар Махамбет жаңалықтары. [4,181-183]. Ақынның бұлар тәрізді метафоралы, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтерді, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың айтылмақ ойға (шығарма идеясына) дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн мен түрдің үндесуі дегенге үлес қосты деп тұжырымдауға болады.

### **ЖЕКЕ БАСҚА ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҚТЫ ШЕКТЕУДІ РЕТТЕЙТІН КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫ**

**Рағатова М.О.**

Кез-келген мемлекеттің негізгі байлығы ол әрине халық. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық мемлекет ретінде құра отырып, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жоғары қояды. 1995 жылдың 30-тамызында қабылданған Ата заңымыздың 1-бабында мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін атап көрсеткен [1].

Әр адамның құқықтарымен қатар міндеттері де қатар жүреді. Сол міндеттерінің бірі өз құқықтарын жүзеге асыру барысында басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Объективтік себептерге байланысты жалпы қоғам үшін, қоғамның әр мүшесінің мүддесі үшін Конституциямен кепілденген жеке басқа қол сұқпаушылық мәселесіне шек қою жағдайлары қарастырылған. Осы-

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы: Автореферат. – Алматы, 2002.

2 МедетбекТ. Баба дәстүрдің мұрагері кім? - Алматы: Өлке, 2001. – 247б.

3 Өмірәлиев Қ. ХҮ–ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.

4 Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық.– Алматы, Ғылым, 1980. – I кітап. – 366 б.

#### **Резюме**

*В данной статье рассмотрены основные аспекты поэзии жырау XV–XVIII веков, проведен сравнительный анализ.*

#### **Conclusion**

*This article is devoted to examination stem aspect of the poetry narrator XV-XVIII centuries and taking comparative analysis.*

ған байланысты аталмыш проблеманың құқықтық реттелу мәселесін қарау жұмыстың өзектілігін түсіндіреді. Адамның жеке басына тиіспеушілік қағидасы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің маңызды бөлігі ретінде мемлекетішілік және халықаралық деңгейдегі құқықтық актілер сияқты түрлі құжаттарды көрініс тапқан.

Жеке басқа қол сұқпаушылықты шектеу проблемасын реттеуде халықаралық нормалардың алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабы 3-тармағында былай деп көрсетілген «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» [1].

Демократиялық қоғамда қарастырылған басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, моральдық

әділеттілік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жеке басқа қол сұқпаушылықты шектеу мүмкіндіктері және қажеттіліктері бірқатар халықаралық нормаларда қарастырылған. Халықаралық нормалардың ішіндегі жеке басқа қол сұқпаушылықты шектеу мәселесін құқықтық реттеген ең алғашқы норма Адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясы. Декларацияның 29-бабы 2-тармағында «Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру барысында әрбір адамның тек басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісінше мойындау мен құрметтеуді қамтамасыз етуі және демократиялық қоғамда моральдың, қоғамдық тәртіптің және жалпы әл-ауқаттың әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында заңмен белгіленген тек осындай шектеулерге ұшырауы тиіс» деп жазылған [2.43]. Яғни адамдардың басқа тұлғалардың құқықтарын құрметтеп, бұзбауға тиістігі атап айтылып, жеке басқа қол сұқпаушылықты шектеу тек заңға сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін екендігі көрсетілген. Құқық бұзған жағдайда тиісінше тұлғаның заң бойынша құқығының шектелу жолдары қарастырылады. Бірақ, ол үшін құқық бұзған адамның кінәсі міндетті түрде дәлелденуі негізгі шарт болып табылады. Соған сай Декларацияның 11-бабының 1-тармағы «қылмыс жасағаны үшін айып тағылған әр адамның оған қорғану үшін барлық мүмкіндіктер берілетін жария сот талқылауы арқылы заң тәртібімен оның кінәлі екендігі белгіленбейінше, кінәсіз деп саналуға құқығы бар» делінеді [2.40-41].

Осы мәселені реттеуде келесі халықаралық норма 1953 жылдың 3 қыркүйегінде заңдық күшіне енген Адамның негізгі бостандықтары мен құқықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенциясы. Конвенция қылмыстық сот шешіміне шағым жасау, сот қателігі үшін өтемақы алу мәселелерін қарастырды [3, 554].

Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт азаматтық және саяси құқықтардың тізбесін Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясына қарағанда құқықтар аясын айтарлықтай кеңейтті. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында тікелей айтылмаған, Азаматтық және саяси құқықтар (АСҚ) жөнін-

дегі пакті кепілдік беретін құқықтардың ішінде – қарыздары үшін түрмеге қамалмау, бас бостандығынан айрылған адамдардың өздеріне адамгершілікпен қарауға және адамдардың қадір-қасиетін құрметтеу құқығын ашып көрсеткен. АСҚ жөніндегі пакт Біріккен Ұлттар Ұйымы құрамында Адам құқықтары жөніндегі комитетті құрды және оған қатысушы-мемлекеттер келісімді бекіте отырып, мойнына алған міндеттемелерін сақтауды қамтамасыз ету үшін әр түрлі тапсырмалар жүктелді. Бұл жағдай осы пакті ратификациялаған, яғни мүше-мемлекеттердің барлығына дерлік бірдей міндетті болды. Бұл міндеттер есеп беру жүйесіне және мемлекетаралық шағымдарды өарау ісін жүзеге асыруға басшылық етуден тұрды.

Жоғарыда аталып кеткен негізгі халықаралық шарттармен қоса жеке басқа тиіспеушілікті шектеу мәселесіне қатысты халықаралық құқықтың басқа да құжаттарын атап өтуге болады. Олардың ішінде БҰҰ шеңберінде қабылданған нормалар тізбесіне жататындары: 1984 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған Азаптауға және басқа да қатыгездікке, адамға қарсы немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қиянаттарға қарсы Конвенциясы, 1988 жылдың 9 желтоқсанында заңдық күшіне енген Ұсталған немесе қамауға алынған барлық тұлғаларды қорғау принциптерінің жинағы, т.б.

1998 жылдың 11 тамызында қабылданған Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) Конвенциясы жеке тұлға құқығының басымдылығын мойындауда жаңа кезеңді бастады. Басқа халықаралық маңызды құжаттар сияқты бұл Конвенция әр адамның жеке басына қол сұқпаушылықты баса көрсете отырып, 5-баптың 1-тармағында қылмыстық іс-жүргізушілік мәжбүрлеу шараларының келесі түрлерін қарастырды: а) заңды қамау және тұлғаны ұстау; б) істі тергеу, жауаптылықты анықтау, сотқа беру мақсатында кәмелетке толмаған тұлғаны заңды ұстау [4].

Нормаларды қолдануда қарама-қайшылық туындаған жағдайда иерархиялық тәртіп бойынша пайдаланылатын келесі норма мемлекетішілік (ұлттық) нормалар болып табылады. ҚР Нормативтік құқықтық актлер

туралы заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы ең жоғары заңдық күшке ие норма ол – ҚР Конституциясы. Ата Заңымыз адам құқықтарын қорғауға кепілдік береді. Ол туралы Конституцияның 16-бабы 2-тармағында былай көрсетілген «заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады». Сонымен, Конституцияда қарастырылған жағдайлар адамның жеке басының бостандығын оның жеке басына тиіспеушілікпен байланыстыра отырып, төмендегі құқықтарды баса көрсетеді:

1) әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар;

2) тұтқындауға және қамауда ұстауға тек қылмыстық ізге түсуге байланысты жағдайларда ғана жол беріледі;

3) тұтқындалған және қамауда ұсталған адам бұл әрекеттерге сотқа шағымдануға құқығы бар;

4) жеке басының бостандығына өз құқығын қорғау кезінде адам ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегіне сүйене алады;

5) ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатігездік немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге немесе жазалауға болмайды.

Қазақстан Республикасы территориясында қылмысты сот ісін жүргізу тәртібі ҚР Конституциясына негізделген 1997 жылдың 13 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексінің (ҚР ҚІЖК) ережелеріне сай жүргізіледі. Адамның жеке басына тиіспеушілік принципі ҚР ҚІЖК-нің 14-бабында көрсетілген. Осы баптың 1-тармағында былай деп жазылған: «Осы Кодексте белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімді де қылмыс жасады деген сезік бойынша ұстауға, қамауға алуға немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айыруға болмайды» [5]. ҚР ҚІЖК-не сай қамауға алынған адамға сотқа шағымдану құқығын бере отырып, тек соттың немесе прокурордың санкциясымен ғана қамауға алуға және күзетпен ұстауға жол

беріледі. Әрбір ұсталған адамға ұстаудың негізі, сондай-ақ ол жасады деп сезік келтірілген немесе айыпталған қылмыстың заңдық сипаттамасы дереу хабарлануы тиіс. Заңсыз бас бостандығынан айыру, өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайда ұстау, оған қатал қарау салдарынан азаматқа келтірілген зиянның өтелу жағдайы да осы ҚР ҚІЖК-нде қарастырылған.

Сонымен қатар ҚР ҚІЖК-нде қылмыстық іс жүргізудегі адамның жеке басына тиіспеушілігіне тікелей қатысы бар ережелер қарастырылған. Ол ережелерге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының келесі түрлерін жатқызуға болады. Мысалы, сезіктіні ұстау, жеке тінту және бұлтартпау шаралары ретінде мыналар қарастырылған:

1) ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қол қойдыру;

2) жеке кепілдік беру;

3) әскери қызметшіні әскери бөлім командованиясінің бақылауына беру;

4) кәмелетке толмағанды қарауға беру;

5) кепіл болу;

6) үйде қамауда ұстау;

7) қамау болып табылады (ҚР ҚІЖК 140-бабы).

Мемлекетішілік нормалардың ішіндегі ерекше орынды «Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 30 тамызындағы Заңы алады. Бұл заң қылмыстың жасалуына сезікті және айыпталушы адамдарды күзетте ұстаудың тәртібін реттейді, шарттарын, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін айқындайды, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Аталмыш заңның 6-бабында көрсетілгендей, сезіктілер мен айыпталушыларды шыққан тегіне, әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-на, тұрғылықты жеріне қарай немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол берілмейді [6].

Әр мемлекеттің өзінің ішкі тәртібі болады. Оны орындау сол мемлекеттегі азаматтардың тікелей міндеттері екені сөзсіз, алайда осы заңды, тәртіпті бұзатын теріс

жағдайлар да кез-келген қоғамда кездесіп жатады. Осындай құқық бұзушылықтардың санын азайту үшін құқық қорғау органдарының дұрыс қызметі бірінші орында болып отыр. Өз функцияларын орындау кезінде құқық қорғау органдары қызметкерлері жеке басқа қол сұқпаушылықты шектеуде нормаларды қатаң сақтап, оларды дұрыс қолданса нұр үстіне нұр болар еді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызынан.
- 2 Международные акты о правах человека: Сборник документов. - М.: Издательская группа НОРМА–ИНФРА, 1998. - 784 с.
- 3 М.Дженис, Р.Кэй, Э.Бредли. Европейское право в области прав человека (Практика и комментарии) / Пер. с англ. – М.: «Права человека», 1997. - 640 с.
- 4 <http://infobank.kz/zftp/prava4eloveka> 1998 жылдың 11 тамызында қабылданған

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) Конвенциясы

5 Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Юрист, 2010. – 456 б.

6 <http://e.gov.kz/wps/portal/govnload?page> «Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 30 тамызындағы Заңы

### Резюме

*В данной статье рассматриваются некоторые международные и национальные нормы, ограничивающие права неприкосновенности личности в уголовном процессе.*

### Conclusion

*This article considers some international and national norms which limit the right of persons inviolability in the criminal process*

## THE APPROACHES TO DEVIANT BEHAVIOR OF THE CHILDREN ON THE WORKS OF THE AMERICAN RESEARCHERS

Sizonenko A.M.

H.Sheldon (Washington), W.Sidney (New York), B.Donovan (New York), L.Cervantes (Michigan), H.Mackintosh (Washington) – these names of American authors connected with the investigations on the problem of deviant behavior in various forms: disadvantaged, dropout, school-leavers, neglected culturally and economically and others.

H.Sheldon considers that ‘the disadvantaged child is, in general, that child for whom the expression of public purposes is inadequate for whom there does not seem to be a clear path to some economic place in society, who grows up peeling excluded rather than included in American society, or who is at risk because of a variety of family crises, handicaps, or health factors’ [1,2]. The child who is seen as disadvantaged is that for whom the family cannot or doesn’t provide a ‘normal’ or ‘average’ amount of care and upbringing [1, 3].

By W.Sidney the disadvantaged those who come from homes where money is plentiful but where love is lacking. The child from a

broken home may also be considered disadvantaged [2,5].

The curriculum must be adapted to the special needs of the child so that he will become a useful, productive member of society [2, 18].

H. Mackintosh states: ‘severely disadvantaged children lack the environmental background provided by more fortunate families and communities from which language facility and other school foundations emanate’ [3, 1].

Dr B.Donovan writes that there are children who are neglected economically. There not necessary the same children who are neglected culturally, but economic and cultural neglect usually go hand in hand [4, 50].

L.Cervantes gives the typical characteristics of dropouts [5, 198-199]:

- Failure of one or more school years, 85% of dropouts behind one year; 53%– two or more years.

- Frequent change of schools.

- Feeling of ‘not belonging’ (because of